

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Терапиялық стоматология кафедрасы

Тақырыбы: Ұлпа қабынуын импрегнациялық сіңіру әдісімен емдеудің салыстырмалы сипаттамасы. Артықшылығы мен кемшілігі.


Орындаған: Сайдалева Д.А

Тексерген: Сағатбаева А.Д.

Жоспар ;

- ▶ Анықтама
- ▶ Резоцин Формалиндеу әдісі ;
- ▶ Күмістеу әдісі
- ▶ Кері көрсеткіштері
- ▶ Қорытынды

- ▶ Импрегнация – түбір каналының өтпейтін бөлігін, түрлі дәрі дәрмектерді сіндіру арқылы әсер ету жолымен орындалатын әдіс болып табылады.



функционального отверстия
нарушение герметизма

- ▶ Түбір өзектерін импрегнациялау әдістерінің ішінде кеңірек қолданылатын 1913 жылы Альбрехт ұсынған – резорцин-формалиндеу әдісі. Ол үшін резорциннің формальдегидтің 40% ертіндісіндегі қанықтырылған ертіндісі пайдаланылады. Бұл ертінді таза шыны бетінде резорцин кристаллдарын формальдегид ертіндісіне біртіндеп қосып еріту арқылы дайындалады (резорцин кристаллдарының сұйықта еруі баяулай бастағанға дейін қосып, араластырып отырады) және резорцин-формалин сұйықтығы немесе шайыры деп аталады.


Орындалу барысында

- ▶ Бірінші қабылдауда, тісжегі қуысын тазалап, сауыт қуысын ашып, өліеттендіруші қойыртпақ қояды
- ▶ Екінші қабылдауда тісжегі қуысын егеп-тазалап, сауыт қуысын толық ашып, сауыт ұлпасын алады (пульпотомиялау- ампутациялау әдісін жүргізеді), өзек сағаларын кеңейте отырып

- ▶ Өтпейтін өзек сағасына (аузына) 1-2 тамшы сұйықтықты апарып тамызып, жіңішке түбір инесімен 2-3 минуттей уақытта өзекке итеріп сіңіреді және 2-3 рет қайталайды, сұйықтың сіңбей қалған бөлігін сорғызып алып, өзек ауызында осы сұйықпен ылғалданған мақта анжы немесе асбест кесегін қалдырып, уақытша пломбымен жабады.

- ▶ Келесі қабылдауда (үшінші қабылдауда) уақытша пломбыны алып, қатайған шайыр мен өзек қабырғалары арасында пайда болған саңылауды (қатайған шайыр көлемі кішірейіп, қабырғадан ажырау барысында) толтыру үшін импрегнациялау әдісін қайталайды. Шайырдың тез қатаюы үшін оған бір тамшы катализатор қосады (антиформин, сілтілер КОН, NaOH 10% ерітінділері).

- ▶ Сұйықтың артығын мақта анжыға сіңіріп алған соң, өзектің өтетін бөлігін резорцин-формалин қойыртпағымен пломбылайды (қойыртпақты сұйыққа мырыш тотығын қосу арқылы дайындайды) және аралық төсем төсеп, тұрақты пломбы қояды



Резорцин-формалиновый метод

- ▶ Нашар өтетін түбір өзектерін мумификациялау үшін параформальдегидті қойыртпақты немесе прополистің 10% спиртті ертіндісін мырыш тотығымен қолдануға болады (Митина В.И., Марченко А.И., 1970). Өтпейтін түбір өзектерін жақсы зарарсыздандыру үшін (көбінесе ұлпаның созылмалы шірі қабынуы кезінде) 1913 жылы Гоу ұсынған күмістеу әдісін қолдануға болады.

- ▶ Бұл әдістің Я.С.Пеккер жетілдірген және оңайландырған түрі үшін азот қышқылды күмістің (күміс нитратының) 30% судағы ерітіндісі және 4% гидрохинон ерітіндісі пайдаланылады. Кеңейтілген және өңделіп құрғатылған өзек сағасына 1-2 тамшы күміс нитратының ерітіндісін тамызып, 1-2 минөт түбір инесінің көмегімен итеріп, өзекке сіңіреді және 2-3 рет қайталайды. Сұйықтың сіңбей қалған бөлігін мақта анжымен сорып алып, гидрохинон ерітіндісін тамызып (1-2 тамшы), оны да инемен итеріп сіңіреді және 2-3 рет қайталайды.

- ▶ Гидрохинон ертіндісінің тотықсыздандырушы әсерінің нәтижесінде ертіндіден таза металл күміс бөлініп шығып, дентиннің құрамындағы белокпен қосылып, күміс альбуминатын түзеді және өзек қабырғалары мен ұлпа бетінде берік, жұқа жарғақ құрай шөгеді. Бұл әдіс түбір өзегін жақсы зарарсыздандырғанымен, өліеттенген ұлпаны болашақта ыдыраудан сақтай алмайды. Сондықтан, бұл әдіспен қатар резоцин-формалиндеу әдісін жүргізген өте тиімді болады




Рис. 499. Метод серебрения (схема).

Кері көрсеткіштері;

- резоцин Формалинге тістің түсін өзгертеді.
- күміске аллергиялық реакцияның болуы
- әдістің уақыттың көп алуы
- резоцин формалиннен кейін тістің сынғыш келуі
- дәрінің апикальді тесіктен шығып кеткен жағдайда, периодонт тіндерін тітіркендіруі.

- ▶ Қорыта келе айтсақ сипатталған әдіс сенімдірек деп есептеледі, бірақ ол барлық импрегнационды әдістер сияқты емдеудің қолайлы нәтижесіне кепілдік бермейді. Сонымен қатар, бұл әдіс дәрігер мен науқастың көптеген уақытын талап етеді, бірақ кейбір клиникалық жағдайларда оның қолданылуы сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

- ▶ Д.М.Мезгілбаева, С.Ж.Абдикаримов, Н.Ғ.Сапаева
- ▶ <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- ▶ stoma.szgmu.ru/6.php